

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың ХІ Халық. ғыл. конф. = ХІ Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

(спорттық, шытырман оқиғалы); off-season tourism – сезондық емес кездегі туризм; small and medium sized enterprises (SME) – орташа және кішкене кәсіпорындар;

- аударма тілінің мәдениетінде мүлдем жоқ сөз: public private partnership (PPP) – жеке қоғамдық серіктестік; strengths, weaknesses, opportunities and threats analysis – SWOT – анализ (күшті жақтарын, әлсіз жақтарын, тәуекел мен мүмкін)діктердің; log-frame approach – логико-структуралық тәсіл;

- батыс мәдениетінде мүлдем жоқ сөз: oblast – область ;

- аударма тілінде басқаша қабылданған сөздер: issue – мәселе (сұрақ деңгейінде); problem – проблема (күрделі); question – сұрақ (проблемалық тұрғыдағы болуы мүмкін); economic – экономикалық; economical – үнемшіл; stable – тұрақты (steady); sustainable – тұрақты (өзгермейтін); judicial – соттық; juridical – құқықтық; wasteland – бос жерлер; damp site – қоқыс тастайтын жер; fresh water – тұщы су; water supply – су құбыры; hazardous – зиянды; detrimental – шығын әкелетін; deteriorative – бүлдіргіш.

Осы сияқты іскерлік немесе басқа мәдениетаралық қарым-қатынастарда аудару барысында аудармашыға қиындық тумас үшін аудармашы жан-жақты , яғни барлық нәрселерден хабардар тұлға болуы қажет. Шет тілдік мәтінді аудару мәдениет аралық қарым-қатынастың актісін көрсетеді. Ол акті аудармашының әлемдік картинасының спецификасы мен мәтіннің құрамына кіретін бірліктердің мәнін анықтауға бағытталған. Бұл жағдайлар мәтіннің мазмұнының өзгеруіне алып келеді. Ал ол өзгерулер кейбір жағдайларда дұрыс түсінбеушілікке, яғни коммуникациялық сәтсіздіктерге алып келуі мүмкін. Оның бәрі аудармашыға байланысты екенін есте сақтаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Грушевицкая Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.П. Основы межкультурной коммуникации. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. С. 20-53.
2. Федоров А.В. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы). 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Высшая школа, 1983. 303 с.
3. Антипов Г.А., Донских О.А., Марковина И.Ю., Сорокин Ю.А. Текст как явление культуры. – Новосибирск: Наука, 1989. 194 с.
4. Томахин Г.Д. Реалии-американизмы. Пособие по страноведению: учеб. пособие для ин-тов и фак. иностр. яз. – М.: Высшая школа, 1988. С. 30-87.
5. Гудков Д.Б. Теория и практика межкультурной коммуникации. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2003. С. 32-83.

УДК 811.512.122'374=111

ҰЛТТЫҚ ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Махсотова Назерке Исатаевна

makhsotova07@mail.ru

3-курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының студенті, Астана,

Қазақстан

Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., проф. Сәтенова С.К.

Зергерлік әрбір халықтың көне тарихымен бірге жасасып, біте қайнасып келе жатқан дәстүрлі өнер екендігі баршамызға мәлім. Қазақ халқының зергерлік өнері ғасырлар бойы дамып, жетіліп, халық тұрмысына сіңісудің нәтижесінде ұлттық мәдениеттің маңызды бір бөлігіне айналды. Қарапайым халықтың бұрын ғылым мен білімге қолы жетпесе де, сұлулық пен әсемдікті таңдай да, талғай да білген. Қазақ халқының зергерлік туындыларына қарай отырып, оның эстетикалық талғамының өте жоғары деңгейде болғанын көре аламыз. Өнердің бұл түрі колөнердің бір саласы

ретінде халық тұрмысында маңызды орын алды. Зергерлік өнер бұйымдары адам баласының этникалық, өзіндік ерекшелігін, әлеуметтік және жас ерекшеліктерін дәріптейді. Сол себепті, қазақ қоғамында зергерлік өнерге, соның ішінде әйелдердің зергерлік бұйымдарына ерекше көңіл бөлінген. Әшекей- бұйымдар әйел баласының кішкентай кездерінен бастап басты бұйымдары болған. Олардың белгілі бір астарлы мағыналары бола отырып, бірізді қолданылуы өте маңызды болды. Бәлкім, сондықтан болар, әшекейі жоқ әйелді жапырағы жоқ ағашпен теңестіретін болған. Тастан, сүйектен жасаған әшекей заттар әйелдердің әдемілікке ұмтылғанын, қоғамда өздерін сәнді ұстап, аңшылық пен ауыр жұмыстардан шаршап келген еркектердің көңілін аулай білгенін көрсетеді. Кейбір әшекей заттарды Тәңірге көңілдерінің таза екендігін білдіріп, аңшылықта қолдасын деген сеніммен еркектер де мойындарына тағып жүрген болуы мүмкін [1, 117 -118 б.].

Алайда, әйелдердің зергерлік бұйым атаулары ерекше қолданыста болғанына қарамастан, уақыт өте келе зергерлік атаулар ұмытылып келеді. Айта кететін жайт- әйелдердің зергерлік қолөнері әлі күнге дейін түбегейлі жеке-дара қарастырылмады.

Сол себепті, көпшіліктің жадынан шыға бастаған әйел қолөнеріне байланысты атауларды қайта жаңғыртудың, сол арқылы ана тіліміздің байлығын көрсете отырып, келешек ұрпақ олардың этнолингвистикалық сипатын жеткізе білудің мәні зор. Бұл мәселенің өзі осы жұмыстың өзектілігін белгілейді. Ал Этнолингвистиканың негізгі мақсаты – қазақ тілінің қазіргі қалпындағы ерекшеліктерді емес, өткен тұрмыстағы халық тәжірибесінен туған ұлттық болмысымызды, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты қалыптасқан этномәдени ұғымдарды зерттеу. Сондықтан, біз алдымен әйел қолөнерінің этнолингвистикалық сипатының жоқтығына аса мән беруіміз қажет.

Тілімізде сақталып қалған көптеген зергерлік өнер атаулары секілді халықтық атаулар мен көнерген сөздердің астарында этнографиялық мән, этнофразеологизмдер жататындығын Р. Сыздық, Н. Уәли, Г. Смағұлова сияқты ғалымдар өз зерттеулерінде тарихи, тілдік, мифтік, этнографиялық, танымдық мәліметтерге сүйене отырып, өз тұжырымдарын келтіреді.

Зергерлік қолөнер бар әлем халықтарына тән болып келетіндігі біздер үшін тансық нәрсе емес. Дегенмен де, басқа халық өкілдері қазақ халқымен салыстырғанда мұндай бұйымдарға аса көңіл бөлген жоқ. Егер, қазақтар зергерлік әшекей бұйымдарды тектілік пен тәрбиенің белгісі, сонымен қатар, өз пайымдарына сәйкес қорғаныш пен тұмар ретінде қолданса, ағылшын халқы делік жай ғана сән беретін бұйым ретінде қолданды. Сол себепті, басқа халықтардан әлде-қайда ерекшеленетін қазақ халқының әйел зергерлік бұйымдарының астарлы мағыналарын, атауларының этимологиясын, басқа тілдегі баламаларын, яғни, жалпы этнолингвистикалық сипатын қарастырудың өзіндік ерекше мәні бар. Сәйкесінше, материалдық және рухани мәдениеттің сабақтастығын бейнелейтін әйел қолөнеріне байланысты атаулардың, оларға қатысты ұғым-түсініктердің этнолингвистикалық табиғатынанықтау маңызды болып табылады.

Әйел зергерлік бұйымдарын мынандай топтарға бөлуге болады: бас пен шашқа, мойын мен кеудеге және қолға арналған. Енді соларға тоқтала кетейік.

Бас киімдердің ішінде аса ерекше саналатынның бірі – қалыңдықтың ұзатылу тойында киетін сәукеле өте бағалы және көп әшекейлі бас киім. Оның сырты қымбат қызыл шұғамен тысталып, төменгі жағы құндыз, сусар, не бұлғын терісімен әдіптеледі. Өн бойы алтын, күміс әшекейлер, маржан, ақық, гауһар сияқты асыл тастармен әшекейленеді. Төбесіне үкі тағады. Сәукеленің төбесінен тірсекке дейін түсетін, қымбат тастармен әшекейленген жалпақ мата тігіледі. [2,86.]. Қазақ қоғамында сәукелені аса қатты бағалайды. Тіпті, мұндай сәукелеге ертеде қалың малдан тыс төлем төлеген. Х.Арғынбаевтың айтуынша, қымбат сәукелелердің Бөкей ордасында кездескен бір түрінің құны күміс ақшамен 1000 сомға бағалаған екен. Дегенмен де, қалыңдыққа сәукеле кигізу тек қазақ халқына тән құбылыс. Өйткені, дәл сәукеленің баламасы басқа ешқандай халықта кездеспейді. Әрине, әр халықтың өзінің салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына сәйкес қалыңдықты ерекшелейтін, сән беретін бас киім болады. Мысалы, ағылшын халқында қалыңдық киетін бас киім «Тиара» деп аталады. Тиара- бұл бас

киім түрі болып саналғанмен де, тәждің түрі десек те болады. Ол аса бағалы тастармен безендірілетін қалыңдықтың арнайы бас киімі.

Тағы да бір әшекейдің түрі тана сәндік үшін бас киімге, жағаға, омырауға және көбіне әйел киімдеріне тағылады. Тана – түйме сияқты, бірақ одан үлкендеу, дөңгелек формалы, жалтырап тұратын әшекей. Қыздардың тақиясына, бөркіне, кеудеге, жағаға да тағыла береді. Бала ең алғаш рет өзбетімен бір жұмысты бітірсе, жеңгелері, ауыл әйелдері, туған-туыстары баланың киіміне тана тағады. Бұл баланың алғашқы ісін қолдап, құптағандық болып саналады. Тана тағылған баланың шешесі тана таққан әйелдерге арнап, қазан көтеріп, сый тамақ береді. Жиылған жұрт балаға жақсы тілектерін білдіріп, қарт адамдар батасын беретін болған. (3, 85 б.). Сондай-ақ, қыз балаға кейін құда түсу үшін бала кезінен белгілеп қояды танатағар деп атайды. Тананы халық арасында көз тимес үшін де тағады. Ал ағылшын қоғамындағы тананың баламасы «brooch» деп аталады.

Мойынға, кеудеге сәндікке тағатын әшекейлердің тобына жататын әшекей - алқа. Ол кейде моншақтап тізген асыл тастардан, кейде алтын, күмістен соғылып, бетіне асыл тас қондырып, ою-өрнектеп, салпыншақты етіп жасалады. Алқа ол әлемдегі барлық халыққа тән, соның ішінде, ағылшын халқында «necklace» деп атала отырып, әйелдердің сүйікті бұйымы болып табылады.

Келесі шашқа тағатын әшекейлер тобына тоқталайық. Қазақ халқы қашанда әйел көркі – шаш, шаштың көркі шолпы деп есептеген, әр бойжеткенді бірінші шашына қарап бағалаған.

Шашқа тағатын әшекейдің түрі – шашбау. Шашбау аты айтып тұрғандай «шаштың бауы» деген мағынаны береді. Оның қарапайым түрі ызылып тігілген мата кесіндісі түрінде болады. Оған кейде күміс немесе алтын теңгелер, тиындар, кейде маржан қадалатын. Ол әйел шашының көркін ашатын, өрілген бұрымның ұшын бекіту үшін тағылатын сәндік бұйым. Оның алтын, күміс, тілла шашбау сөлкебай шашбау (орыс тіліндегі «целковый рубль» деген сөзден алынған, жергілікті тілде сөлкебай – «сом, теңге») теңге шашбау, шаштеңге, үкі аяқты шашбау, шаштүлек (лентадан жасалған қарапайым шашбау), шашбаутас (жалпақ күміске асыл тастар орнатып жасаған шашбау түрі) сияқты түрлері бар [4]. Шашқа тағатын сәндік бұйымдардың ішіндегі асылы мен артық саналатыны – шолпы. Әсем-сәнді шолпыларды қыздар мен келіншектер ғана таққан, егде әйелдер қарапайымдау түрін таққан. Ондай шолпының теңге-тиындары аздау болады. Кейде теңге орнына әдемілеп, әшекейлеп күмістен әзірленген тіс шұқуыш, немесе тырнақ тазалағыш, кейде сандықтың кілтін де тағып қояды. Бұл шаш бұйымдары тек қазақ халқына тән болғандықтан, ағылшындарда мынадай нәрселер мүлдем жоқ. Әрине, оларда «headband», «hairpin», «hair bows», «hair ribbons», «fascinator» секілді шаш сәндейтін бұйымдар бар. Алайда, бұл шаш сәндейуіштер «шашбау», «шолпы»-лардың дәл баламасы болып табылмайды. Себебі, біздің халқымыз үшін салт-дәстүрлерімізге сәйкес астарлы мағынасы, түпкілікті пайда болу мәні бар бұйымдар болып саналса, ағылшын халқы үшін жай ғана шаш сәндейуіштер болып табылады. Халық ұғымында "адам жанының бір ұшы шашында" деген түсініктің әрі "тарағанда түсетін шашты кез-келген жерге тастауға болмайды, оны адам баспайтын жерге көміп тастау керек" деген ырым-тыйымның бар екені белгілі. Сол себепті қазақ қыздары мен әйелдері бұрынғы кезде шолпы мен шашбауды бұрымы тарқатылып кетпеу үшін таққан. Яғни, халқымыз үшін қазақ қыздарының мінің, жүріс-тұрысын білдіретін, әрі бұрымдарына сән келтіретін аса бағалы зергерлік бұйымдар болып табылады.

Айтата кететін жайт: қазақ және ағылшын халықтарына ортақ зергерлік бұйымдар азшылық емес. Мысалы, сақина- ring, сырға-earrings, білезік-bracelet, алқа-necklace және тағы сол сияқтылар. Әйткенменде, қазақ халқы үшін әрбір зергерлік бұйым белгілі бір мағынаны білдіреді. Әр қашанда тазалықты сүйетін қазақ халқы ас адал болуы үшін әйелдің қолында міндетті түрде сақина немесе жүзік болуы керек деп санаған. Тіліміздегі «Сақинаны сәнге салмайды, ол – тазалыққа таразы», «Сақина сәнге жатпас, айқай әнге жатпас» дегендей нақыл сөздер сақинаның тек сәндік қана емес, гигиеналық қызметте атқарғанын дәлелдейді. Бұдан қазақ халқының ертеден-ақ күміс пен алтынның таттануға ұшырамайтынын, судың,

тамақтың тез бұзылмауына әсерін тигізетінін, адам ағзасына жағымды әсер ететінін аңғарғанын көруге болады. Нәрестені қыркынан шығарғанда да оны шомылдыратын суға алтын не күміс сақина немесе білезік салу баланың денсаулығына, тазалыққа көңіл бөлуге байланысты шыққан екенін аңғару қиын емес. [5, 86.]

Аудармада зергерлік қолөнер лексикасының қолданылуына тоқтала кетсек. Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында қазақ халқының зергерлік қолөнері көп айтылады, әсіресе әйел зергерлік бұйымдары. «Тыста анда-санда шылдыр еткен шолпысы білінеді» [6,2416] деген сөйлемде жоғары айта кеткен шаш бұйымы «шолпы» жайлы сөз қозғалған. Ал «Абай жолы» романының ағылшын тіліндегі нұсқасында бұл сөйлем былай деп берілген : «Dilda had not yet come, although he could hear the tinkle of her sholpy from time to time»[7,207]. Бұл сөйлемде «шолпы» сөзі транслитерация әдісімен аударылған. Себебі, ағылшын қауымында шолпы сөзінің дәл аудармасы жоқ, өйткені бұл сөз тек қазақ халқына тән.

«Абай жолы» романында астарлап, керемет бейнеленіп берілген әйел зергерлік бұйымдарының ағылшын тіліндегі нұсқасында аудармаларына тағы да мысалдар келтіре кетсек. Мысалы :

«Your graceful movements caress my glance,
Your earrings glitter, your sholpy dance[8,78].

Басасың аяғыңды ырғаң-ырғаң,
Артыңда таққан шолпын, күміс сырғаң...» [6,70]

Көріп тұрғандарыңыздай, ағылшын тіліндегі нұсқасында «шолпы» сөзі тек қазақ халқының мәдениетіне тән болғандықтан, сол күйінде қалдырылды. Ал «сырға»-ның баламасы «earrings» бәріне мәлім. Өйткені, сырға жер бетіндегі барлық халықтардың мәдениетінде кездесетін әйел зергерлік бұйым. «Көп сақиналы, үлкен білезікті аппақ қолын сәл көтере түсіп, жігітке сыпайы тілек етті. – Тағы бір ауыз!- деп еді.»[6,71] сөйлемінің аудармасы : “Sing something else, just one more,” she pleaded extending her white hands weighted with bracelets.»[8,78] , - деп берілген. Егер, түпнұсқада осы фрагментте «көп сақиналы әрі білезікті» қазақ қызының қазақ мәдениетіне сай образы сомдалып тұрса, ағылшын тілі аудармасында бұл образды жалпы кез келген халыққа тән әрі түсінікті түрде берген. Білезік-алтыннан я күмістен жасалып, мәдениетімізге тән ою- өрнектермен безендірілетін ертеден келе жатырған қол бұйымы. Ал ағылшын тілінде «bracelet» деп аударылатыны - ол қазіргі заманауи Еуропалық үлгідегі қол бұйымы болып табылады.

Қорытынды

Қазақ әйелдерінің шашына, бойына, қолына, сырт киімдеріне тағылған зергерлік бұйымдар өздерінің әсем ою-өрнектері мен таңғажайып үлгілерімен талайды тамсандырып қана қоймай, әйел сұлулығымен қоса оның таным-талғамынан, халықтың салт-дәстүрінен, дүниеге көзқарасынан хабар бере отырып, рухани мәдениетіміздің қалыптасып, дамуына ықпал етеді әрі оның нәзік әйелдер үшін қорғану қызметін атқарады.

Әйел қолөнеріне байланысты атаулар қазақ әйелдерінің саналы шығармашылық еңбегінің, эстетикалық талғамының деңгейін және табиғатты игеру тәжірибесінің, рухани танымының жетістігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, зергерлік қолөнер жайлы халық қолданысында көптеген тұрақты тіркестер бар. Бір топ фразеологизмдер әшекей бұйымдар атауларының қатысуымен пайда болған. Мысалы, «шашбауын көтерді» - уәе жағымпаздық етті, қошеметтеді; [312] «жүзіктің көзінен өткендей»- сұлу, мүсінді. *Әкеңнің ала моншағын алып па едім?* – не әкеңнің құны бар деген мағынада; *айдан алқа, жұлдыздан жүзік іздеме* – қол жетпеске босқа әуре болма; *алтын бергек, асыл діңгек* – сүйеніш, тірек, қамқоршы адам; *алтын тәж киді* – билікке ие болды; *бет моншағы түсті* – ұялды (*бетмоншақ* – сәукеленің екі жағынан салбырата қадап қоятын төгілмелі моншақ. Ол бірнеше қатардан тұрады). Осы тұрақты тіркестерге қарай отырып, зергерлік қолөнердің, әсіресе, әйелдерге арналған зергерлік бұйымдардың қоғамымызда алатын орны ерекше екенін байқауға болады.

Негізі, бұрынғы кездедегі адамдар үшін зергерлік бұйымдардың маңызы өте зор болды. Олар бұйымдар белгілі бір магиялық қасиетке ие әрі оларды жамандықтан, тіл-көзден,

қайғы-қасіреттен сақтайды деп сенді. Дегенменде , бұл әдет-ғұрып делік әлі күнге дейін қазақ қоғамында бар. Солай дей тұра, қазіргі таңда қазақ халқы зергерлік бұйымдарды ағылшындықтар секілді көбінесе әдемілік үшін қолданады. Ағылшын халқында зергерлік бұйымдарға тек сән беретін нәрселер ретінде қарағандықтан, олар жайлы жазба жұмыстар, мақалалар жоқ. Яғни, ағылшын қауымы оларды зерттеп, қарастырудың аса маңызы жоқ біледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байбатша Ө.Б. Қазақстанның антропогендік тарихы. – Алматы: Ғылым, 2003. – 125 б.
2. П. Обычай казахов Семипалатинской области // Русский вестник. - 1878. - № 9. - С.23-46 .
3. , Толыбаев Құрманбай. Бабадан қалған бар байлық. Тұрмыс түйіндері // Алматы 2000.
4. Р.Шойбеков Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. //Алматы: Қазақстан, 1993. – 203 б.
5. Р.Шойбеков. //Ана тілі 1991 жылы 4 шілде.№27.
6. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. Абай.//Алматы: Жазушы, 2004-368 бет.
7. Mukhtar Auezov Abai (Abridged) // Moscow: Progress Publishers,1975.
8. MMukhtar Auezov Abai: A novel. Book two.//Moscow: Foreign languages publishing house.

УДК 811.512.1

СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ НАЗВАНИЙ ДНЕЙ НЕДЕЛИ (на материале татарского, башкирского и казахского языков)

Мударисова Гульназ Ирековна

gulnaz_mударisova93@mail.ru

Магистрант Казанского (Приволжского) Федерального Университета, Институт филологии и межкультурной коммуникации им. Л.Толстого
Научный руководитель – А.Ш. Юсупова

Всем известно, что год состоит из 12 месяцев, месяц делится на недели, неделя – на 7 дней, и у каждого дня недели есть свое название. Любой народ нашей планеты имеет свои названия дней недели, которые связаны с историей, мировоззрением, культурой, образом мыслей и характером того или иного народа.

Сравнение или сопоставление названий дней недели разных народов показывает, как много общего имеют эти народы, что способствует их лучшему взаимопониманию и сближению. Анализ их происхождения дает нам больше знаний и представлений о культуре и быте этих народов, показывает богатый исторический опыт народа, помогает правильно и уместно использовать в речи.

Настоящая работа посвящена исследованию названий дней недели в татарском, башкирском и казахско языках.

Актуальность темы. Татарский, башкирский и казахский языки относятся к алтайской языковой семье, кыпчакской группе тюркских языков. Исторические причины обусловили схожесть двух языков, что касается татарскому и башкирскому языку. Многие исследователи в своих работах используют термин «татаро-башкиры», акцентируя внимание на единстве народов. Между татарским и башкирским гораздо меньше различий, чем, например, между русским и белорусским, британским и американским английским, чешским и словацким. Но всё-таки они есть. А казахский язык по территории расположен намного дальше от татарского и башкирского. Но, сохранилось ли какие-нибудь сходства между этими языками? Как у этих народов обозначаются дни недели.